

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:

«Айша» жеке бөбекжай меңгерушісі:

Хайруллина.С.А

Тақырыбы:

«КӨЛІКТЕР, БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ.»



«Алақай» ересек тәрбиеші: Жиренова У.С

Білім беру саласы: Әлеуметтік

Бөлімі: «Қоршаған ортамен танысу»

Тақырыбы: «Көліктер,байланыс құралдары.»

Мақсаты:

Балаларға көлік және байланыс құралдары туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. Көлік пен байланыс құралдарының адам өміріндегі маңызын түсіндіру, сөздік қорын, ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту. Қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі:Өртүрлі көлік түрлері және кейіпкерлер.

Іс әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Амандасу. Сәлем-сәлем шапалақ соғайық, Айналып бәріміз,сәлем жолдайық. Сәлеметсіңдерме балалар. Жылулық шеңбері: Жылы-жылы сөзбенен Жүрегімді сыйлаймын. Амандасып өзіңмен құшағыма алайын.	Балалар шаттық шеңбер орындайды
Іздену-ұйымдастыру	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің қанша айы бар? Балалар сендер балабақшаға немен келесіздер? Ендеше балалар бүгін көлік түрлерімен танысамыз. Көлік түрлерінің төрт түрі болады: Олар:1.Жол көлігі. 2.Су көлігі. 3.Әуе көлігі. 4.Темір жол көлігі. Балалар міне қарандаршы алдымызда тұрған суреттерге мән берейік.Мыны машиналар қайда жүреді? (қозғап	Күз Үш Әр түрлі жауап айтады.Велосипед,жаяу, машина.

	көрсетету) Ал, енді кемені қарайық, қайда жереді? Ал мына ұшақ пен тікұшақ қайда жүреді? Жарайсыңдар. Міне балалар осы көлік түрлерімен саяхатқа шыққыларың келеме? Ендеше бастайық. Пойыз дауысын естирту. Балалар пойыз қайда жүреді? Қане балалар пойызға отырып бәріміз саяхатқа шығайық. (әуенмен саяхат) Балалар ненің дауысын естип тұрмыз? Дұрыс кеменің дауысы. (кеме жүргізушісі капитан шығады) Сұрақтарын қояды. Балалар ненің дауысын естип тұрмыз? (шафер шығады) Сұрақтар қояды. Балалар мына суреттерге зер салайық. Бұл жедел жәрдем арнайы машинасымен медбикелерінің арнайы киімдері бар. Ал бұл өрт сөндіруші машинасы арнайы киімдері болады. Келесі полиция машинасы мен арнайы киім киген полиция, осындай мамандарды аурғанда, өрт шыққанда және адамдар келіспей қатты бұзық жасаса полицияны шақырады. Ойын: Сурет арқылы мамандықтарды табу. Балалар осы көрсетілген мамандықтарды шақыру үшін бізге қазіргі уақытта телефондар қажет. Суреттерге зер салайық. (әртүрлі телефондарды көрсету.) Ойын: Мына кубиктағы суреттерді лақтырып қайда жүретінін айту. Балалар ненің дауысын естіп тұрмыз? (стюардесса мен пилот) Сұрақтарын қойып балармен аспан әлеміне саяхатқа шақырады)	жерде суда аспанда, ауада Ия Теміржолда кеме машиналар
--	--	---

	Балалар мен сіздермен бірге саяхатқа барайынба? қалайынба? Ұшаққа мұніп аспан әлеміне саяхатқа кетіп АҰІӨ-ті қорытындылаймыз.	Ұшақ, тікұшақ Балалар жауабы
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар әр көлік түрлерін біледі.

Қолданатын әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, саяхат.





Анықтама

Іс-шара атауы: «Көліктер, байланыс құралдары.»

Өткізілген күні: 30.11.2023ж

Топ: «Алақай» Ересек тобы

Мақсаты:

Балаларға көлік және байланыс құралдары туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажырата білуге үйрету. Көлік пен байланыс құралдарының адам өміріндегі маңызын түсіндіру, сөздік қорын, ойлау және сөйлеу қабілетін дамыту. Қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және жолда жүру ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Көлік және байланыс құралдары – адамдарды, жүктерді бір жерден екінші жерге жеткізуге және ақпаратты алмасуға арналған техникалық құралдар мен жүйелер.

Көлік құралдары – адамдарды, жүктерді тасымалдауға арналған қозғалыс құралдары.

Көлік түрлері:

- * Автомобиль көлігі
- * Теміржол көлігі
- * Әуе көлігі
- * Су көлігі

Байланыс құралдары – адамдардың бір-бірімен ақпарат алмасуына мүмкіндік беретін құралдар.

Байланыс құралдарына мыналар жатады:

- * Телефон
- * Ұялы телефон
- * Радио
- * Теледидар
- * Компьютер
- * Интернет
- * Электрондық пошта

Қысқаша қорытынды:

Көлік құралдары адамдар мен жүктерді тасымалдауға қызмет етеді, ал байланыс құралдары ақпаратты жеткізуге және адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Қатысушылар саны: 14 бала.

Ұйымдастырушы: Топ тәрбиешісі Жиренова У.С.

Инстаграм желісіне жүктелді:

<https://www.instagram.com/reel/Czl1ZMTsF6P/?igsh=MWQ4aW0zZjVscjZlYw==>